



## Қазақстан Республикасының білім және мәдениет ұйымдарына, сондай-ақ әскери бөлімге есімдер беру және оларды қайта атау туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 20 қазан N 1576

"Қазақстан Республикасындағы кәсіпорындарды, ұйымдарды, мекемелерді, темір жол станцияларын, әуежайларды, сондай-ақ физикалық-географиялық объектілерді атау мен қайта атаудың және олардың атауларының транскрипциясын өзгертудің тәртібін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 5 наурыздағы N 281 P960281\_ қаулысына сәйкес және Атырау, Жамбыл, Қарағанды, Қостанай, Маңғыстау, Солтүстік Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан және Шығыс Қазақстан облыстары әкімдерінің ұсыныстарын ескере отырып Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

- 1-қосымшаға сәйкес білім және мәдениет ұйымдарына, сондай-ақ әскери бөлімге есімдер берілсін.
- 2-қосымшаға сәйкес білім ұйымдары қайта аталсын.
3. Қазақстан Республикасының мүдделі министрліктері осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.
4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2000 жылғы 20 қазандағы  
N 1576 қаулысына  
1-қосымша

Белгілі мемлекет және қоғам қайраткерлерінің, ғалымдардың, жазушылардың, педагогтардың есімдері берілген білім және мәдениет ұйымдарының, сондай-ақ әскери бөлімнің тізбесі

Атырау облысы бойынша

Атырау қаласының N 16 орта мектебіне - Жапақ Қаражігітовтің есімі;

## Жамбыл облысы бойынша

Тараз қаласының көп балалы және аз қамтамасыз етілген отбасыларына арналған облыстық мектеп-интернатына - Нұрғиса Тілендиевтің есімі;

## Қарағанды облысы бойынша

Нұра ауданының Талдысай ауылдық округіндегі орта мектепке - Өмірзақ Тұрлыбековтың есімі;

Қарқаралы ауданының Қайнарбұлақ ауылдық округіндегі N 18 орта мектепке - Рамазан Сағымбековтың есімі;

"Химия-металлургия институты" еншілес мемлекеттік кәсіпорнына - Жантөре Әбішевтің есімі;

Ақтоғай ауданының Сарытерек ауылдық округіндегі орта мектепке - Жабас Кеңесбаевтың есімі;

## Қостанай облысы бойынша

Қостанай облыстық қазақ драма театрына - Ілияс Омаровтың есімі;

## Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша

Сайрам ауданының Ақсу ауылдық округіндегі N 93 орталау мектебіне - Абылай ханның есімі;

Сайрам ауданының Жаңаталап ауылдық округіндегі N 85 орталау мектебіне - Кенесары Қасымұлының есімі;

Сайрам ауданының Қайнарбұлақ ауылдық округі Ошақты ауылындағы бастауыш мектепке - Құрманғазы есімі;

Шардара ауданының Қазақстан ауылдық округі Қазақстан ауылындағы орта мектепке - Сырбек Кәттебековтың есімі;

## Солтүстік Қазақстан облысы бойынша

Тимирязев ауданының Тимирязев жалпы білім беретін мектеп-гимназиясына - Сәбит Мұқановтың есімі;

Ақжар ауданының Жаңа ауыл орта мектебіне - Қали Хадесовтың есімі;

Шығыс Қазақстан облысы бойынша

05325 әскери бөлімінің Қызыл Ту орденді Невель механикаландырылған құрамасына - Қабанбай батырдың есімі.

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2000 жылғы 20 қазандағы  
N 1576 қаулысына  
2-қосымша

Қайта аталуға жататын білім ұйымдарының тізбесі

Маңғыстау облысы бойынша

Маңғыстау ауданының Тұщықұдық ауылдық округіндегі "1 Май" орта мектебі - "Қаратөбе" орта мектебі;

Тұпқараған ауданының Баутино кентіндегі А.Е. Баутин атындағы орта мектеп - Жалау Мыңбаев атындағы орта мектеп;

Бейнеу ауданының Төлеп селосындағы Камен орта мектебі - Әбілғазы Махутов атындағы орта мектеп;

Бейнеу ауданының Бейнеу селосындағы Калинин атындағы орта мектеп - Жұмағали Қалдығараев атындағы орта мектеп;

Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша

Түркістан қаласының Иасы ауылдық округіндегі "Коммунизм" орта мектебі - Сабыр Рахымов атындағы орта мектеп;

Түркістан қаласының Қарашық ауылдық округіндегі "Победа" орта мектебі - "Тұран" орта мектебі;

Қазығұрт ауданының Рабат ауылдық әкімшілігіндегі "Атбұлақ" орта мектебі - Жамбыл Қаппаров атындағы орта мектеп;

Ордабасы ауданының Бадам ауылдық округіндегі "Қызыл ту" бастауыш мектебі - Сәбит Мұқанов атындағы бастауыш мектеп;

Сайрам ауданының Қайнарбұлақ ауылдық округіндегі В.И. Ленин атындағы орталау мектеп - Ханай Әдебеков атындағы орталау мектеп.

Оқығандар:

Багарова Ж.А.

Икебаева А.Ж.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК